

**Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Воскресенов ауылдық округінің Искра ауылында "Союз" шаруа қожалығы аумағында ірі қара малдың инфекциялық ринотрахеит ауруы бойынша шектеу іс-шараларын алып тастау туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Воскресенов ауылдық округінің әкімінің 2017 жылғы 6 желтоқсандағы № 13 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 13 желтоқсанда № 4427 болып тіркелді

"Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Занының 10-1 бабының 8) тармағына сәйкес және Мамлют ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2017 жылғы 15 қарашадағы № 13-12/180 ұсынысы негізінде Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Воскресенов ауылдық округінің әкімі **ШЕШТІ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Воскресенов ауылдық округінің "Союз" шаруа қожалығы аумағында ірі қара малдың инфекциялық ринотрахеит ауруы бойынша шектеу іс-шаралары алып тасталсын.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Воскресенов ауылдық округінің Искра ауылында "Союз" шаруа қожалығы аумағында ірі қара малдың инфекциялық ринотрахеит ауруы бойынша шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Воскресенов ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 06 қазандағы № 12 шешімі (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 17 қазандағы жарияланған, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4340 болып тіркелген) күші жойылған деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ауылдық округі әкімі*

*Н. Құсайынов*